4. 18-19 қараша 2021 ж магистр, аға оқытушы **Утемисова А.Ж.** жетекшілігімен, Абай атындағы ҚазҰПУ 6B05301 –Химия мамандығының 1 курс студенті, **Ергешбаева Асем** «Синтез – газды жылыжай газдарынан синтездеп алуда қолданылатын катализатор» тақырыбында студенттердің және магистранттардың 76 ғылыми конференциясында ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды;
5. 18-19 қараша 2021 ж п.ғ.к., доцент **Унербаева З.О.** жетекшілігімен, Абай атындағы ҚазҰПУ 7M01510-Химия мамандығының 1 курс магистранты, **Тухпатуллина Сайда Рустамқызы** «Сыни ойлау технологиясын мектепте химияны оқытуда тиімді пайдаланудың әдістемесі» тақырыбында студенттердің және магистранттардың 76 ғылыми конференциясында І дәрежелі Дипломмен марапатталды;
6. 18-19 қараша 2021 ж PhD, аға оқытушы **Ильясова Г.У** жетекшілігімен, Абай атындағы ҚазҰПУ 7M01510-Химия мамандығының 1 курс магистранты, **Сауатова Алтынай** «Адам өміріндегі химия» элективті курсы арқылы білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттыру тақырыбында студенттердің және магистранттардың 76 ғылыми конференциясында ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды;
7. 18-19 қараша 2021 ж п.ғ.д., профессор **Шоқыбаев Ж.А.**, аға оқытушы **Каражанова Д.А.** жетекшілігімен, Абай атындағы ҚазҰПУ 6B05301 –Химия

- мамандығының 1 курс студенті, **Ерзақ Ақбота** «Консерванттар, олардың адам организмiне зияны» тақырыбында студенттердің және магистранттардың 76 ғылыми конференциясында II дәрежелі Дипломмен марапатталды;
8. 18-19 қараша 2021 ж п.ғ.д., профессор **Шоқыбаев Ж.А.**, аға оқытушы **Каражанова Д.А.** жетекшілігімен, Абай атындағы ҚазҰПУ 6В05301 –Химия мамандығының 1 курс студенті, **Мамытханова Әсел** «Құйрық майдың химиялық құрамы және емдік қасиеті» тақырыбында студенттердің және магистранттардың 76 ғылыми конференциясында III дәрежелі Дипломмен марапатталды;
9. 18-19 қараша 2021 ж п.ғ.к., доцент **Унербаева З.О.**, жетекшілігімен, Абай атындағы ҚазҰПУ 6В01511-Химия (ағылшын) мамандығының 3 курс студенттері, **Сырлыбай Айгерім, Момбаева Дана, Сағынбаева Мөлдір, Сабитова Жансауле** «Химиядан тоқсандық жиынтық бақылау нәтижелерін модерациялау (Moderation of the results of the quarterly summary control in chemistry)» тақырыбында студенттердің және магистранттардың 76 ғылыми конференциясында III дәрежелі Дипломмен марапатталды;
10. Х.ғ.к., аға оқытушы **Мейрманова А. А.** жетекшілігімен Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары Ш.Уалиханов атындағы КМУ-нің базасында 2022 жылдың 27-28 сәуір айында 5В011200 – «Химия» мамандығы студенттеріне арналған XIV Республикалық студенттік пәндік олимпиадасы өтті. Командалық біріншілікте II дәрежелі Дипломмен Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 4 курс студенттері **Әбдіғапбарова Г. және Елемес Д.**, жеке біріншілікте **Г.Әбдіғапбарова** III дәрежелі Дипломмен марапатталды;
11. «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мен «Үздік студенттер академиясының» ұйымдастыруымен өткен «ТМД-ның Үздік студенті» атты халықаралық байқауда академиялық ұтқырлықпен келген Жаратылыстану және география институтының 6В05301-Химия мамандығының 2 курс 3-топ студенті **Аселя Турарова** топ жарып, I дәрежелі дипломға және «ТМД-ның Үздік студенті» төсбелгісіне ие болды. Эдвайзері: магистр, оқытушы **Дюсембаева Гульнур Токтаргазиновна**
Сондай-ақ, ғылыми мақаласы **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы** елдері студенттерінің «Талантты жастар энциклопедиясы» халықаралық студенттік кітап топтамасының IV томдық жинағына енді;
<https://www.instagram.com/p/CdsFkCEsc-B/?igshid=MDJmNzVkMjY>
12. Нұр-Сұлтан қаласында «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай «Қоғам белсендісі - үздік көшбасшы-2021» республикалық конкурсын өткізді, «Химия-биология» мамандығының 3-ші курс студенті **Уласанова Дильназ** қатысып, «Студенттік өмірде менің жеткен жетістіктерім» тақырыбында эссе жазудан жеңімпаз атанып, 1-ші дәрежелі диплом иеленді. ҚР Жастар саясатының дамуына қосқан үлесі үшін «Қоғам белсендісі - үздік көшбасшы-2021» жеңімпазы атанып, төсбелгі және арнайы куәлікпен марапатталды;
13. 2022 жылғы 15 ақпанда «Химия» білім беру бағдарламасы тобының студенттер командасы **әл-Фараби** атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінде өткен «Petrogames» олимпиадасына қатысты. Абай атындағы ҚазҰПУ Жаратылыстану және география институтының команда мүшелері: 6В05301-«Химия» мамандығының 2 курс студенттері: **Галати Ирина, Алдаберген Балабек, Нурахунова Радилям** және 7М01510 - «Химия» 1 курс магистранттары: **Әшірбаев Еркебұлан, Сейдазым Аяулым, Темірбаева Қазына** Команда жетекшісі: х.ғ.к., доцент **Мейрманова Айгүл**. Абай университетінің командасы ЖОО-ның арасында жүлделі 1-ші орынды иеленді;

14. 2021 жылдың 4 желтоқсанында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, химия және химиялық технологиялар факультетінің студенттері ұйымдастырған, Алматы қаласының ЖОО-дары арасында, «League of Chemist's» тақырыбындағы интеллектуалдық сайыс өткізді. Абай атындағы ҚазҰПУ атынан «Элемент» командасы 6B05301-Химия» мамандығының 3 курс студенттері: Абдықадыр Аружан, Жасанбаева Акнур, «6B01512-Химия-биология» мамандығының 2 курс студенттері: Жаныбек Дильназ, Калыбаева Аяжан, Жұмабек Анеля қатысып, жүлделі 3 орынды иеленді. Команда жетекшісі - химия магистрі, аға оқытушы **Утемисова А.Ж.**т www.kaznu.kz;
15. 2022 жылдың 8 сәуірінде Жамбыл облысы Меркі ауданы Владимир Савва атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі базасында 9-11 сынып оқушылары арасында Облыстық «Химия-биология» олимпиадасы болып өтті. Абай атындағы ҚазҰПУ «Химия» білім беру бағдарламасы бөлімінің доценті **Мейрманова Айманкуль** төрешілік жасады, «Химия-Биология» пәндері бойынша олимпиада нәтижесі шығарылып, жеңімпаздар I-II-III дәрежелі Дипломдармен марапатталды;
16. 2022 жылдың 28-29 сәуір күндері Жаратылыстану және география институтының ұйымдастыруымен Қапшағай қаласында «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында «Педагогикалық мамандықтар студенттері арасында жаратылыстану пәндері бойынша» II Халықаралық студенттік олимпиаданың ашылу салтанаты өткізілді. Екінші жүлделі орынды Абай атындағы ҚазҰПУ командалары иеленді.

2021-2022 оқу жылында шыққан оқулықтар мен оқу құралдары

№	Ф.И.О., ученое звание, должность	Название учебника	Выходные данные: Журнал, город, год, указание страниц	Орган, рекомендовавший учебник к изданию
1	Баешов А.	Бүкіл сапалы өмірімді ғылым мен білімге арнап, келемін.	Алматы, Қазан университеті, 2021, -117 с.	КазНПУ им.Абая
2	Баешов А., Баешова А.К.	Қоршаған орта және таза су мәселелері.	Алматы, «Эверо», 2021,-206 с.	КазНПУ им.Абая
3	к.х.н., доцент Азимбаева Г.Т.	«Organic Chemistry»	Textbook (second edition). – Almaty, Ulagat zpublishing Hous, 2021. – 356 p.	КазНПУ им.Абая
4	Мейірова Г.И., Бекназарова А., Нурмаханова Д.	Органикалық қосылыстар химиясы ЖОО оқytудың ғылыми-әдістемелік негіздері:Оқу құралы	Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Ұлағат» баспасы, 2021. – 354 б.	КазНПУ им.Абая

5	Н.А.Бектенов Қ.А.Садыков Е.Е. Ерғожин	Ионалмастырғыш сорбенттерді зертханада алу және зерттеу әдістерін оқыту әдістемесі	Алматы:Абай атындағы ҚазҰПУ, - 95 б. ISBN 978-601-353-072-7 2021	КазНПУ им.Абая
6	Х. Н. Жанбеков, Ж. Р. Қожағұлова.	Аналитикалық химия 2-бөлім	Абай атындағы ҚазҰПУ "Ұлағат" . - Текст : непосредственный. ISBN 978-601-298-868-0 2021	КазНПУ им.Абая
7	Сағынтайұлы Н., Мейрманова А.А. Казбеков Д.К.	Химиялық тренер	Алматы, Атамұра баспасы ISBN 978-601-10-0019-2	Атамұра баспасы
8	Өнербаева З.О., Кулумбетова О.К.	Критериалды бағалау технологиясы	ISBN 978-601-353-029-1, ҚазҰПУ «Ұлағат», Алматы, 2021, 2026.	Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің бірлестігі, хаттама №3, 21.15.2021ж.
9	Ахметов Н.К.	Неорганическая химия	ISBN 978-601-298-570-2 ҚазҰПУ «Улағат», Алматы, 2021, 220с	Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің бірлестігі, хаттама №2,
10	Ахметов Н.К Нурахметов А.Р	Игровое обучение в химическом анализе	ISBN 978-601-768-3 ҚазҰПУ «Улағат», Алматы, 2021, 296с	Печатается по решению методбюро ИЕГ КазНПУ им.Абая протокол № 4
11	Z.Unerbayeva, O.Kulumbetova	Technology of criteria-based assessment	ISBN 978-601-353-030-7 Almaty, KazNPU - «Ulagat» 198p.-	Published by the Council Institut of Natural Sciences and Geography of KazNPU named after Abay, Minutes №3, dated 21.05.2021
12	Б.А.Мансұров	Химия	ISBN 978-601-306-538-0 ҚазҰПУ «Атамұра»,	Республикалық оқу-әдістемелік

			Алматы, 2021, 232б	Кеңесінің бірлестігі, хаттама
13	З.О.Унербаева	Химияны оқыту теориясы мен әдістемесі	ISBN 978-601-353-028-4 ҚазҰПУ «Ұлағат», Алматы, 2021, 520б	Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің бірлестігі, хаттама №3, 21.05.2021 ж.
14	Өнербаева З.О	Мектеп химиядан экспериментін жүргізудің әдістемесі	ISBN 978-601-298-537-5 ҚазҰПУ «Ұлағат», Алматы, 2021, 136б	Баспаға Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жаратылыстану және география институты Кеңесі ұсынған №10,
15	Ж.Ә.Шоқыбаев Д.Ә.Қаражанова М.А. Оразбаева	Химия есептері мен жаттығулары	ISBN 978-601-232-589-8 ҚазҰПУ «Ұлағат», Алматы, 2021, 242б	Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің бірлестігі, хаттама
16	Е.Е. Ергожин, Н.А. Бектенов	«Полиэлектролиты на основе глицидилметакрилата и его сополимеров»	Алматы 2021г, 271 с.; монография	

3. Практика және мектеппен байланыс (оқу, педагогикалық, өндірістік және т.б.) / Практика и связь со школой (учебная, педагогическая, производственная и др.);

2021-2022 оқу жылында Оқу практикасы және педагогикалық практика

2021/2022 оқу жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес, жаратылыстану және география институтының күндізгі бөлімінің 1,2 курс студенттері - оқу тәжірибесі, оқу-далалық тәжірибе, оқу-жатығу жорығы, 3,4 курс студенттері - педагогикалық, өндірістік, туризмнен кешенді тәжірибе, магистратура мен докторантурада педагогикалық және ғылыми-зерттеу іс-тәжірибелерінен өтті.

курс	мамандық	тәжірибе түрлері	уақыты
1	6B01510-Химия, 6B01511-Химия, 6B01512 - Химия-биология,	оқу тәжірибесі, оқу далалық тәжірибе, оқу-жатығу жорығы	06.06.2022ж.- 18.06.2022ж. (2 апта)
1	6B05301-Химия	оқу тәжірибесі, оқу далалық тәжірибе, оқу-жатығу жорығы	30.05.2022ж.- 11.06.2022ж. (2 апта)

2	6B01510-Химия, 6B01511-Химия, 6B01512 - Химия-биология, 6B05301-Химия	оқу тәжірибесі, оқу далалық тәжірибе, оқу-жатығу жорығы	30.05.2022ж.-11.06.2022ж. (2 апта)
3,4	5B011200-Химия	педагогикалық	20.09.2021ж-11.12.2021ж 24.01.2022ж-07.05.2022ж
3 4	6B05301-Химия 5B060600-Химия	өндірістік, кешенді тәжірибе	30.05.2022ж.-11.06.2022ж. 17.01.2022ж.-09.04.2022ж. (4 курс)
2 магистратура	7M01510-химия	педагогикалық	18.10.2021ж-13.11.2021ж
		ғылыми-зерттеу	17.01.2022ж-19.03.2022ж
2 докторантура	8D01510 – Химия, 8D05300 – Химия,	педагогикалық	11.10.2021ж-13.11.2021ж
			17.01.2022ж-19.02.2022ж
		ғылыми-зерттеу	06.09.2021ж-09.10.2021ж
			21.02.2022ж-19.03.2022ж

1 курста 6B01510-Химия, 6B01511-Химия, 6B01512 - Химия-биология, мамандықтағы 138 студент 06.06.2022 ж. - 18.06.2022 ж. (2 апта) аралығында, 1 курста 6B05301-«Химия» мамандықтағы 140 студент 30.05.2022 ж.-11.06.2022 ж. (2 апта) аралығында, 2 курста 290 студент 30.05.2022 ж.-11.06.2022 ж. аралығында оқу (дала) практикасынан өтті. 1,2 курс 6B01510-Химия, 6B01512-«Химия-биология», 6B05301-«Химия» мамандықтарының студенттері оқу-дала іс-тәжірибесін еліміздегі өндіріс орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында өтті.

30.05.2022 ж. институттың мансапты дамыту бөлімі өткізген конференцияда студенттерге практика мерзімі, атқарылатын жұмыс бағыттары мен практика жетекшілері таныстырылды. Практика жетекшілері практиканың бірінші күні студенттерге практиканың мақсат-міндеттерін, практика барысында сақтау керек қауіпсіздік техникасын, жалпы жұмыс барысын таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Химия мамандығының 1 курс студенттері тәжірибе барысында тұрмыстық, ғылыми-өндірістік мақсаттарда реактивтер мен реагентті сақтау ережелерімен танысып, химиялық реактивтерді орналастыру ретін реттеп, концентрациясы белгілі ерінділерді, хром қоспасын дайындаумен қатар, химиялық ыдыс-аяқтарды тазалауды үйренді.



2 курс студенттері «Жану проблемалары институты», «Асфальтты-бетон заводы», «АО А.Б. Бектуров атындағы Химия ғылымдары институтында» іс-тәжірибеден өтті.

Ә.Б. Бектұров атындағы «Химия ғылымдары институты» зертханасыналарында студенттер “ИК спектрі мен рентгендік фазалық талдау” семинарына қатысып, гуминқышқылының ылғалдылығын анықтау, гидрогель ұнтағының тұзды ерітіндісін дайындау, циолит тұнбасын алу, полимерлерді синтездеу, мономерлерден сополимер алу, техникалық спиртті айдау, иониттердің статикалық алмасу сиымдылығын анықтау жұмыстарын жүргізді. А.Б. Бектуров атындағы Химия ғылымдары институтында студенттердің оқу практикасын жаксы өткендігінің дәлелі ретінде, институт білім алушыларға сертификат табыстады.



Асфальто-бетон зауытында студенттер асфальттан шығатын әртүрлі газдар мен жағымсыз зиянды заттармен, асфальто-бетонның жасалу жолымен, гудрон (сұйық), бензол (аромат) мазут, парафин, бензин (экстракция), стирол, пигмент (краситель) силикагель, рефрактометр, минералды материал (қиыршақ, құм, минералды ұнтақ) мен битунның арнайы дайындалған қоспасын араластыру және нығыздау арқылы алатын жасанды құрылыс заттармен танысты.



Жану проблемалары институтында студенттер газ баллондарымен жұмыс (жанғыш, инертті газдар, олардың түстері) жасауды, каталитикалық процестер, катализ түсінігі, катализаторлар, катализаторларды дайындаудын, газды хроматография, газдарды калибрлеу, органикалық сұйықтықтарды калибрлеу, 3 мас. % $\text{NiO}/\text{Al}_2\text{O}_3$ катализаторын сіңдіру жұмыстарын жасады.



Сонымен қатар студенттер Ұлттық Кітапханаға барып реферативті журнал қарау, әртүрлі ақпараттық базалармен жұмыс істеді және де Қазақ-Британ техникалық университетінің ақпараттық электрондық кітапханасында Web of Science, Scopus базаларында ғылыми мақала іздеу, журналдарды қарастыру, Wiley Online Library платформасы, Springer Link ақпараттық ресурсы, ғылыми және академиялық зерттеулердің тегін іздестіру жүйелері Google Scholar (Академия Google), Science Direct сайттары арқылы ақылы ғылыми мақалаларды тегін жүктеп алу әдістерімен, т.б. көптеген жүйелермен жұмыс істеуді, ақпараттарды іздестіруді, оларды жүктеп алу, талдау әдістерімен танысты.



Экскурсия мақсатында студенттер Антиген институтына барып, оның тарихымен, зерттеу жұмыстарымен танысты, атап айтсақ институт отандық QazVac вакцинасын, өте

қауіпті ауруларға (сібір жарасы) арналаған дәрілер ойлап тапқан, күйікті емдейтін пластырь жасаған және де 40 шақты препарат өндіреді. Қазақстандағы Заводтардан шығатын заттардың құрамын тексереді, онын ішінде экспортқа яғни шет елге шығатын тауарлар.

Студенттер практикасының қорытындысы конференциясында атқарған жұмыстарын баяндады, жазбаша есептерін (портфолио) жетекшілеріне өткізді.

Ғылыми бағыттағы 3 курстың 39 студенті (30.05.2022 ж. - 11.06.2022 ж) және 4 курстың 1 студенті (17.01.2022 ж. - 09.04.2022 ж.) аралығында өндірістік практикадан өтті. 3,4 курс 6B05301-«Химия», 5B060600-«Химия» мамандығы студенттері А.Б.Бектуров атындағы Химия ғылымдары институтында, өндірістік іс-тәжірибеден өтті. **Өндірістік практикада студенттер** өз мамандығының ұшқыр, терең қабілетіне білімнің кілтін ашу арқылы болашаққа қабілетті жоғары маман болуға тәжірибие жинады, өз елінің елеулі тұлға ретінде өз мамандығының іскері болуға бағыт алды.



2021-2022 оқу жылында Химия ББ тобының студенттері Педагогикалық практикадан өтуде:

5B011200-Химия, (3 курс - 160 студент 24.01.2022ж - 07.05.2022ж жаралығында, 4 курс - 69 студент 20.09.2021ж - 11.12.2021ж және 24.01.2022ж- 07.05.2022ж аралығында) Алматы қаласы № 2, 8,12, 15, 19, 24, 26, 28, 30, 33, 34, 35, 36, 39, 40, 53, 55, 58, 59, 62, 63, 64, 67, 76, 83, 92, 96, 98, 100, 108, 120, 122, 123, 126, 128, 131, 134, 136, 140, 141,143, 145, 147, 148, 152, 157, 159, 161, 163, 167, 168, 169, 172, 178, 180, 181, 188, 201, Абай атындағы Республикалық мамандандырылғандарынды балаларға арналған қазақ тілі мен қазақ әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп интернаты, НЗМ ХББ, «Даму» КММ мектептерінде дуальды режимде педагогикалық практикадан өтті.

Студенттер педагогикалық практика барысында әр семестрде орта есеппен 12-30 (химия, география пәндері аптасына 1 сағат, биология аптасына 2 сағаттан) сабақ жүргізді. Әр студент семестр бойынша міндетті 2 ашық сабақ, бір ашық тәрбие сағатын өткізді және мектепте бір іс-шара ұйымдастырды, ол сабақтарды институттың Instagram, Facebook, YouTube каналдарына жүктеді.

Студенттер сабақтарын ұлттық дәстүрге, ойын әдістерін, АҚТ технологиясын, көрнекілік әдіс-тәсілдерді, пәнаралық байланысқа оқытудың техникалық құралдарын пайдалануға, сабақты бекіту барысында жаттығулар орындатуға көп көңіл бөлінді және тесттік тапсырмаларды, сөзжұмбақтарды әртүрлі бағдарламалар мен платформаларда дайындады, көрнекіліктерді мол және тиімді пайдалануға тырысты, жаңа сабақ, аралас сабақ, зертханалық, ойын және қорытынды сабақ т.б. өткізді. Зерттеу әдісі, түсіндірмелі-көрнекілік, репродуктивтік, өзекті ойды жеткізу әдісі (проблемалық баяндау әдісі), ішінара ізденіс, белсенді оқыту әдісі, «сәйкестендіру», «джигсо», «фишбоун»,

«аукцион», «алақан», «ыстық орындық», «Жүзден жүрік» және «Бәйге» сайыстары, оқытудың жаңа әдістерін қолдана білді. Өз сабақтарында студенттер Steam, Clill секілді жаңа технологиялардың элементтерін қолдануға тырысты, ойын технологиясы, ақпараттық технологиялар, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, дамыта оқыту, деңгейлеп оқыту, үлгілеп оқыту, модульдік, саралап деңгейлеп оқыту, сын тұрғысынан ойлау сияқты танымал педагогикалық технологияларды сабақ үстінде оңтайлы пайдалану барысында оның жолдарын игерді. Қалыптастырушы бақылауға Wardwall, Google Form, Quiziz, Kahoot, LearningApp және тағы сол секілді бағдарламаларды ұтымды пайдалана білді. Сонымен қатар, кейбір студенттер үлестірме материалдарын да тарата отырып оқушылардың белсенділігін арттыруға тырысты. Зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру барысында теорияны тәжірибе арқылы меңгеру, ойлау, зерттеу және қарым-қатынас дағдыларын дамыту және қалыптастыру, білуге құмарлық, ғылыми түсінікті дамыту, тәжірибелік әрекет, қоршаған орта туралы ой-өрісін кеңейту жүзеге асырды. Күнделікті сабаққа дидактикалық қосымшаларды жасау, соның ішінде презентациялар, деңгейлік тапсырмалар, ойындар және өз бетінше орындайтын бақылау жұмыстары, тақырыптық сынақтар, қолданбалы сипаттағы тапсырмалар, 11-сынып оқушыларын ҰБТ тапсырмаларын орындауға, пәнаралық олимпиадаға қатысатын оқушыларға қосымша көмек беру, сонымен бірге ғылыми жобаларға қатысатын оқушыларға көмектесу сияқты қосымша жұмыстар жүргізді. 10, 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау, 7-11 сынып үлгерімі төмен оқушыларға қосымша түсіндіру жұмыстарына ат салысу; жаңартылған мазмұндағы бағдарламамен ҚМЖ, ОМЖ, ҰМЖ үйрену секілді өзіндік жұмыстар жүргізілді. Педагогикалық тәжірибенің негізгі мақсаты – пәндік мұғалімнің практикалық қызметінің негізгі функцияларын және болашақ ұстаздың кәсіптік деңгейін қалыптастыру. Болашақ мұғалім оқу-тәрбиелеу процесінің сырын-қырын бақылайды және таразылайды, сабақ жүргізу, сыныптан тыс шараларды өткізуді үйренеді, оқушылармен тәрбиелік жұмыстар жүргізеді.

Сынып жетекшілік сабақтар: Қазақтың аса көрнекті ағартушы, педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Б.Алтынсариннің туғанына - 180 жыл, Заңды білу-өмір талабы, Ә.Бөкейханның туғанына - 155 жыл, «Семей ядролық полигонының жабылуына -30 жыл», ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Елім деп соғады жүрегім», «Қазақстан Республикасының ғарышкерлері», «Роза Бағланова –қазақтың атақты әншісі», «1-мамыр Бірлік күні», «9 мамыр-Жеңіс күні», «Алғыс айту күні»; «8-наурыз Халықаралық әйелдер күні», «1-мамыр бірлік күні», «Бауыржан-Момышұлы –батыр тұлға», «Дені саудың жаны сау», «Сырғыма,су тасқыны,сел жүру кезіндегі халықтың іс-әрекеті», «Әдепті бала-арлы бала», «Қазақстан халқының бірлігі күні», «Жаңа мамадықтар жол картасы», «Ана өмірдің гүл», Компьютерлік ойындар, сәндік гаджеттер - адам денсаулығына зиян келтіреді, табиғатты қорғау және басқа тәрбиелік мәні бар тақыптар төңірегінде өрбиді.

Жергілікті жерден сұраныс хат негізінде практика өткен студенттер: 5В011200 – Химия, мамандығы 4 курс студенттері: Таңатарқызы Айғаным (Маңғыстау обл, Маңғыстау ауд, М.Атымов атындағы №6 ЖББМ), Қиясбай Бақыткүл (Түркістан обл, Сарыағаш қ, №10 Қ.Сатпаев ат. мектеп-гимназия интернаты), Сарсенова Сымбат Аянқызы (Нұрсұлтан қ, №51 ЖББМ), Рахимжанова Регинаханум Руслановна (Алматы қ, №61 ЖББМ), Тұрниязова Гүлбану Жеңісбекқызы (Шымкент қ. №10 ЖББМ), Елесбайқызы Аружан (Түркістан обл, Сарыағаш ауд, №15 Ш.Қалдаяқов атындағы орта мектеп),

Мектепке жұмысқа орналасқан студенттер: 5В011200-«Химия» мамандығы 4 курс студенттері: Розиева Назгум Тургановна (Алматы қ. №29 ЖББМ), Алимұса Надира Бейкұтқызы (Алматы қаласы, №31 ЖББМ), Имашева Назерке Байдібекқызы (Шымкент қ, Төлеби ауд, Ұйымшылшағынжияқты ЖББМ), Розиева Назгум Тургановна (№29 жалпы білім беретін мектеп).


Институттың Мансапты дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен ақпан-наурыз айларында студенттердің педагогикалық практика барысын қадағалау мақсатында комиссия құрылып, прокторинг жүргізілді.

Студенттердің жетістіктері мен ескеретін мәселелерге келсек, олар аудиторияда алған білімдерін практика барысында ұштастыра білді және қашықтықтан оқытудың платформаларын аса ұтымды пайдалана алды. Сонымен қатар, оқушылардың платформаға уақытылы кірмей, тапсырманы кеш орындап жататын уақыттары да болды.

Ұсыныстар:

- Практика базасын таңдағанда, басты критерий ретінде, мектептің заманауи талапқа сай жабдықталған материалдық-техникалық базасы мен пән мұғалімінің еңбек өтілі мен кәсіби шеберлігі ескерілу қажет;
- Практика базасындағы пән мұғалімі мектептің штаттағы қызметкері болып, санаты педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілігінен кем болмауы тиіс;
- Студенттерді практика базасына бөлгенде әр студенттің оқу үлгерімі деңгейін талдай отырып, мектепке кемінде 8-10 студенттен бөлу;
- Практика базасына оқу үлгерімі үздік, жақсы студенттерді үлгерімі орташа студенттермен бірге жіберу;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан ЖОО оқытушылары арасындағы қағазбастылықтан арылу мәселесін жүзеге асыру мақсатында практика жетекшісінің жазбаша есеп беруін тоқтатып, цифрландыру.

2 курс 8D01510 – Химия, 8D05300 – Химия мамандықтары докторанттарын (11 докторант) 11.10.2021 ж - 13.11.2021 ж, 17.01.2022 ж - 19.02.2022 ж аралығында педагогикалық практикадан және 06.09.2021 ж - 09.10.2021 ж, 21.02.2022 ж - 19.03.2022 ж аралығында ғылыми-зерттеу практикасынан; 2 курс 7M01510-химия мамандықтары магистранттарын (35 магистрант) 18.10.2021 ж - 13.11.2021 ж аралығында педагогикалық, 17.01.2022 ж -19.03.2022 ж ғылыми-зерттеу практикаларын өтті.



Магистранттардың дипломдық практикаларын жоспарлау және ұйымдастыру. Бекітілген тақырыпқа сай магистранттардың барлық практикалары Химия ББ тобының жұмыс жоспарына сай жүзеге асырылды. Магистранттар мен докторанттар ғылыми-зерттеу практикаларын ҚР ғылыми-зерттеу институттарында, Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы кешенді оқу-зертханасында, Алматы қаласы мен ҚР орта мектептерінде: Химия БББ, Алматы қ., №19 орта мектеп, Еңбекшіқазақ ауданы М.Горький атындағы орта мектеп КММ, Алматы қаласы, №33 мектеп-лицей, №125 high school, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Көлащы ауылы, Ж. Барыбаев атындағы орта мектеп КММ, Алматы қаласы, №37 КГУ ОШ, Алматы обл., Іле ауд., Екпінді ауылы №48 орта мектеп, КГУ ОШ №189, Химия ББ бөлімі, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жамбыл атындағы орта мектеп, НИШ (Ақтау қаласы), КГУ СШ № 45, Ә.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институты АҚ практикадан өтті. Теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға бағытталған практика барысында магистранттар мен

докторанттар өздерінің диссертациялық жұмыстарының ғылыми-зерттеу (эксперименттік) кезеңдерін орындады. 13.11.2021 ж, 26.03.2022 ж өткен практиканың қорытынды конференцияларында магистранттар мен докторанттар практикада ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, үлкен тәжірибе жинақтағанын, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тәжірибе бөлімінің нәтижелеріне қол жеткізгенін атап өтті.

Магистранттардың ЖОО-ның практикасы жоғары оқу орындарында сабақ берудің әдістеріне баулу мақсатында жүргізіледі. Оны жүзеге асыру оқу жоспарында айқындалған мерзімде және жеке жоспарлары негізінде өтеді. ЖОО-ның практикасының міндеттері:

- магистранттардың теориялық білімдерін тереңдету және бекіту және оларды нақты шешімде қолдану;
- оқытушыға қажетті арнаулы, кәсіби дағдылар мен біліктілікті қалыптастыру (өткізетін сабақтарының білімдік, дамытушылық және тәрбиелік қырларын анықтай білу және оқу материалының мазмұнын дұрыс таңдай отырып студенттердің жастық және психологиялық мүмкіндіктеріне сай оқыту құралының ең тиімді әдістемелерін таңдауға машықтану);
- әртүрлі типтік және жұмыс бағдарламаларын құрастырудың және көп қырлы оқу-тәрбие жұмысының құжаттамаларын дұрыс жүргізе алу;
- оқытушының әлеуметтік-белсенді позициясын қалыптастыру (педагогикалық жұмысқа ізденістік шығармашылықтық тұрғыда қарау);
- аудиториялық және аудитоиядан тыс сабақтар жүргізудің әртүрлі формаларын енгізу (жаңа инновациялық технологияларды қолдану).


Магистрант оқу процесіне қатысады және жетекшісі мен ББ тобының мүшелерінің қатысуымен белгіленген көлемде аудиториялық сабақтар өткізеді.

Әрбір магистрант оқу үрдісіне қатысты және жоғарыдағы талап бойынша сабақтар өткізді. Магистранттардың өндірістік практикасы оқу процесінде алған теориялық білімін бекітуге, практикалық дағды мен компетенцияның қалыптасуына және озық тәжірибені игеруіне бағытталды. Педагогикалық практика магистранттардың оқу жоспарларында белгіленгендей 3 семестрде 5 апта мерзімі ішінде орындалды.

Практика барысында магистранттар Химия ББ тобының оқу-әдістемелік құжаттарымен (ГОСО, ОП, ТУП, КЭД, УМКД, РУПы, силлабус), танысады, лекцияның мазмұнын құрастыруды, лабораториялық және семинарлық сабақтарды ұйымдастыру материалдары, СӨЖ, СОӨЖ, химия ББ тобының жетекші профессорларымен доценттерінің сабақтарына қатысты. Магистранттардың есептік құжаттары белгіленген талаптарға сәйкес келеді, әдістемелік жетістіктері, ұйымдастырушылық, ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстардағы жетістіктерді көрсетеді.

Ғылыми-практикалық практиканы жоспарлау және ұйымдастыру диссертанттың тақырыбына байланысты болады.

Бекітілген тақырыпқа сай магистранттардың барлық практикалары Химия ББ тобының жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.



Мектеппен байланыс – кәсіби бағдар беру жұмыстары (мектептер саны, өткізілген іс-шаралар)

2021/2022 оқу жылында оқу жүктемесі бойынша мектеппен байланыс орнату аясында 840 сағат Химия ББ тобының профессор-оқытушылар құрамына жүктелген (Мукатаева Ж.С., Шоқыбаев Ж.А., Жақсыбаева Ж.М., Қожагулова Ж.Р., Манапов Н.Т., Мейрманова А.А., Қасымбекова Д., Қорғанбаева Ж., Унербаева З.О., Жусупбекова Н.С., Ақылбекова Т.Н., Ильясова Г.У., Дюсембаева Г.Т., Кулумбетова О.Қ., Сырымбетова Г.П., Утемисова А.Ж., Айтбаева Г.Б., Ахтаева М.Б., Узакова А.Б.)

Мектеппен байланыс орнату аясында кафедра профессор-оқытушылар құрамының ұйымдастыруымен Алматы қаласының № 178, 13, 143, 146 мектептерімен Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

- 10-13 мамыр 2022 жылы Жаратылыстану және география институтының химия кафедрасының 4 курс «5B011200-Химия», «5B060600-Химия», ал 3 курс 6B01510-«Химия», 6B01511-«Химия-биология», 6B01511-«Химия-ағылшын» мамандықтар бойынша студенттерінің педагогикалық практикасы туралы қорытынды конференциясы өтті.

- «Химия пәні бойынша мектеп оқушыларын олимпиадаға, ҰБТ дайындау және жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру ерекшеліктері» атты Республикалық онлайн конференция ZOOM платформасында өтті;

➤ Алматы облысының Жамбыл және Балқаш аудан мектеп мұғалімдеріне «Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулау, зерттеушілік қабілеттерін дамыту» атты семинарында «Мектеп оқушыларының жоба жұмыстарын ұйымдастыру» тақырында баяндама;

➤ Алматы облысы, Жамбыл ауданы «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын №2 Қарғалы мамандандырылған гимназиясының ағылшын тілі пәні мұғалімі С. Имаматдинова "Жаратылыстану және география" институтының бітіруші курс студенттері, магистранттары үшін ұлттық біліктілік тестін тапсыруға дайындық бойынша онлайн конференцияны ұйымдастырып модератор;;

Алматы облысының мектеп мұғалімдеріне «Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулау, зерттеушілік қабілеттерін дамыту» атты онлайн семинарында модератор;

Олимпиадаларға қазылық:

➤ Алматы қаласында «Дарын» ұлттық педагогикалық орталығы ұйымдастырған Жалпы білім беретін пәндер бойынша Президенттік олимпиада конкурсының қазылар алқасы;

➤ Алматы қаласында «Престиж» мектептің 11 сынып оқушыларына ұйымдастырған «Химиялық есептерді шешудің әдістемелік ерекшеліктері» атты мастер класс;

➤ 1 Жамбыл облысы бойынша химия пәнінен оқушыларға арналған олимпиада конкурсының қазылар алқасы;

Элективті курстар үйірме жұмыстар:

- Алматы қаласының № 13 мектеп-гимназиясында «Биохимия негіздері» атты элективті курс;

- Алматы қаласы, Алатау ауданы, «№ 178 мамандандырылған лицей» КММ 11 сынып оқушыларымен элективті курс;

- Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Дарынды балаларға арналған үштілді оқытатын Қарғалы №2 арнаулы гимназиясында «Жоба жұмыстарын ұйымдастыру» тақырыбында 8-11 сыныптарға элективті курс;

«Химия ғажайыптары» химия кеші

2022 жылдың 12 сәуірінде Ғылым қызметкерлер күні және КСРО Ғылым Академиясының академигі Қаныш Сәтбаевтың туған күніне орай №108 ЖББМ-де «6B01512-Химия-Биология» мамандығының 3 курс студенттері Түгелбек Абил, Айгерім Балибаева, Асхат Садыков, Сымбат Сапина, Айгерім Сисенбаева, Ақбота Төленді, Дильназ Уласанованың ұйымдастыруларымен химия кеші өткізілді. Сонымен қатар академик Несіпхан Бектеновтың қатысуымен жоғары сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Кешке 8-10 сынып оқушылары, мектеп ұжымы, Жаратылыстану және география институтының тәрбие және әлеуметтік ісі жөніндегі жетекшісі Нұрлан Манапов қатысты. Кеште практиканттар «Жас химиктер» газетін шығарып, оқушылармен бірге тәжірибелер жасап, ойындар ойнатты;

«Химия әлеміне саяхат» тақырыбында сыныптан тыс кеш өтті

2022 жылғы 13 сәуірде «6B01512-Химия-Биология» мамандығының 3 курс студенттері Көңілтай Гүлдана, Әзімханова Қарлығаш, Мұханбетова Ақеркенің ұйымдастыруымен 8-9 сыныптар арасында «Химия әлеміне саяхат» тақырыбында сыныптан тыс химия кеші жарыс түрінде ұйымдастырылды. Сайыс: Топты таныстыру, Кім тапқыр?, «Химия тұрмыста» химиялық жарнама, Кім тез, кім жылдам?, Химиялық вальс, Жұмбақтар әлемі, Топ басшылар сайысы, Химиялық тілде құттықтау сынды 8 кезеңнен тұрды. Кешке оқушылар мен мектеп ұжымы, Жаратылыстану және география институты, «Химия» білім беру бағдарламасының оқытушылары қатысты. Кеште практиканттар сайысқа қатысушыларды «Атом», «Молекула» және «Ядро» топтарына бөле отырып, топтарға сұрақтар қойып, ойындар ойнатты сонымен қатар оқушыларға қызықты тәжірибелер көрсетті. Кеш соңында сайысқа қатысушылар жүлделі орындармен марапатталып, сыйлықтарға ие болды;

«Біздің таңдауымыз химия, ал сенің таңдауың?» іс-шарасы

2022 жылдың 27 сәуірінде Жаратылыстану және география институты «Химия» ББ тобының аға оқытушысы Жанар Қорғанбаеваның жетекшілігімен «6B01510-Химия» мамандығының 3-курс студенттері №59 мектеп-гимназияның 9 сынып оқушыларына мамандық таңдауда кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында «Біздің таңдауымыз химия, ал сенің таңдауың?!» тақырыбында іс-шара өткізді.

Қатысушылар - №59 мектеп-гимназияның директоры Айжан Қасымова, мектеп ұстаздары, оқушылар, институт директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұрлан Манапов, «Нұр деканат» мүшелері және «Әлеуметтік ғылымдар (психология)» ББ тобының әдіскер психологы Бекжанова Сания.

Нұрлан Манапов оқушылардың «Химия болашақта» және «Химияның соңғы жаңалықтары» постерлері туралы пікір білдіріп, эссе жеңімпаздарын сыйлықтар мен грамоталармен марапаттады. Жанар Қорғанбаева институт мамандықтары, химия мамандығының ерекшелігі, бүгінгі мен келешегі және талапкерлерге қойылатын талаптар туралы ақпараттар берді;

«Мамандық таңдау-жауапты қадам» атты мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысы.

«Алматы жыл мұғалімі» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау

Мұғалімдер күні қарсаңында, дәстүрге айналған «Алматы жыл мұғалімі» кәсіби конкурс өз мәресіне жетті. 2021 жылдың 13 қазан күні Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қала педагогтары арасындағы конкурс жеңімпаздарымен және

мұғалімдерді қолдау мен кәсіби дамытуға бағытталған арнайы грант иегерлерімен кездесті. Қалалық «Алматы жыл мұғалімі» конкурсының 3-ші орын жеңімпазы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Жаратылыстану және география институты «Химия» білім беру бағдарламасы тобының оқытушысы және №92 мамандандырылған мектеп-лицейдің химия пәнінің мұғалімі Каумбаев Суннатулла 1 000 000 теңге ақшалай сыйақымен марапатталды.

«Өз мамандығы бойынша үздіктерді анықтауға бағытталған шара дарынды мұғалімдерді қолдап, беделін арттырып, озық педагогикалық тәжірибені бөлісу мақсатында өткізіледі», - деп атап өтті Бақытжан Сағынтаев.

«Мамандығым-мақтанышым» кездесуі

2022 жылдың 4 ақпанында Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мыңбаев ауылындағы орта мектептің жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында «Мамандығым-мақтанышым» тақырыбында онлайн сұхбат-кездесу өтті.

Кездесуге Жаратылыстану және география институтының профессорлары: п.ғ.д. Шоқыбаев Жеңіс, г.ғ.д. Абдиманапов Бахадурхан және Маркетинг бөлімінің жауапты тұлғалары: Бірталаев Ерлан, Жақсибаева Жанар қатысты. Ұйымдастырушы: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1 курс магистранты, химия пәнінің мұғалімі Жамбыл Айсұлу.

Кездесудің мақсаты - бітіруші түлектерге заман талабына сай қажетті мамандықтарды таңдауға кәсіби бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешуге көмек беру.

Кездесу барысында профессорлар Шоқыбаев Жеңіс, Абдиманапов Бахадурхан өз жетістіктерімен бөлісіп, кәсіби еңбектерінің өмір жолдары туралы әңгімелерін айтып, әр мамандықтың қызығы мен қиындығы болатындығын жете ұғындырып, өз мамандықтарының қыр-сырын ашты. Аға буын өкілдері өскелең ұрпақты дұрыс мамандық таңдауға шақырды. Жастар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдау керек, себебі болашағың мамандығыңа тікелей байланысты деді. Мектеп бітірушілерге сәттілік тілеп, жылы лебіздерін білдірді.

Кездесуде Маркетинг бөлімінің жауапты тұлғалары Бірталаев Ерлан, Жақсибаева Жанар университеттің мамандықтары туралы ақпараттар беріп, жоғары оқу орнына құжаттар өткізу ережелерін түсіндірді, скрақтарға жауап беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді;

Мектеп мұғалімдеріне кәсіби бағыт-бағдар беру іс-шаралары

2022 жылдың 4-5 ақпан күндері Түркістан облысы, Ленгір ауданының «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында мектеп мұғалімдеріне кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында Жаратылыстану және география институтының маркетинг бөлімінің жауапты тұлғасы Ерлан Бірталаевпен кездесу өткізілді. Іс-шараға «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығының басшылығы, мектеп мұғалімдері мен жас мамандар қатысты.

Кездесудің мақсаты - мектеп мұғалімдеріне магистратура мен докторантураға тапсыру ережелері мен қабылдау талаптарымен таныстыру, кеңес беру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу; Жаратылыстану және география институтында «Жаңартылған білім беру мазмұны» бойынша ұйымдастырылған химия, биология және география мектеп мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курстарына қатысуға шақыру.

Кездесу барысында университет туралы толық ақпараты бар брошюралар ұсынылды. Іс-шара барлық тараптардың белсенді қатысуымен пікірталас форматында өтті;

2022 жылдың 24-25 ақпан күндері Жаратылыстану және география институтының профессор-оқытушылары Татарина Галия, Ивлева Надежда, Батырова Күміс, Ташенова Гульнара орта мектептердің орыс 11-10 сыныптарының оқушыларына және

мектеп мұғалімдері мен жас мамандарына магистратура-докторантураға байланысты кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізді. Іс-шара онлайн форматта өтті.

Қатысушылар: Есік қаласының және Еңбекшіқазақ ауданының Абылайхан, Райымбек батыр, әл-Фараби, Қ.Сәтпаев, О.Мұхамедий, В.Терешкова атындағы ауылдық орта мектептерінің 11-10 сыныптарының оқушылары мен мектеп мұғалімдері.

Ұйымдастырушы: Химия ББ тобының аға оқытушысы Жанар Жақсибаева.

«Мамандық таңдау-жауапты қадам» атты мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысы. 2022 жылдың 1-4 наурыз күндері Жаратылыстану және география институтының профессор-оқытушылары орта мектептердің орыс 11-10 сыныптарының оқушыларына және мектеп мұғалімдері мен жас мамандарына магистратура-докторантураға байланысты кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізді. Іс-шара онлайн форматта өтті.

Қатысушылар: Алматы облысы, Талғар ауданының орта мектептерінің 11-10 сыныптарының оқушылары мен мектеп мұғалімдері. **Ұйымдастырушы:** Химия ББ тобының аға оқытушысы Жанар Жақсибаева.

«Сенің таңдауың - сенің болашағың» Ашық есік күні

2022 жылдың 21 сәуірінде Жаратылыстану және география институтының маркетинг бөлімінің ұйымдастыруымен орта мектептердің 10-11 сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында «Сенің таңдауың - сенің болашағың» Ашық есік күні өтті. Қатысушылар - Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының әл-Фараби, О.Жандосов, А.Жексембеков, М.Горький, Әймен, Сарыбұлақ, Бәйтерек, Малыбай, Қойшыбек, Көлді, Көктөбе атындағы орта мектептерінің, Жамбыл ауданы Қарғалы №2 гимназия, Талғар қаласы №2 орта мектеп, Алматы қаласы, Медеу ауданының №92 орта мектеп, Жетісу ауданының №2 орта мектеп оқушылары мен ата-аналары, мұғалімдер.

Жаратылыстану және география институтының директоры Күләш Каймулдинова бітіруші түлектердің алдында сөз сөйледі. Абай университетінің табалдырығын студент болып аттап, институт директорының дәрежесіне дейін көтерілген, мектептегі «География» пәні оқулықтарының авторы Күләш Дүйсенбаеваның кәсіби өмір жолы оқушылар үшін үлкен үлгі-өнеге, мол тағылым болды.

Маркетинг бөлімінің жауапты тұлғалары Ерлан Бірталаев, Жанар Жақсибаева институт мамандықтары, талапкерлерге берілетін жеңілдіктер және қабылдау комиссияға тапсырылатын құжаттар туралы ақпараттар берді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұрлан Манапов студенттік директораттың іс-жоспарымен бөлісіп, шығармашылық бағыттағы клубтармен таныстырып, әлеуметтік жеңілдіктер, жатақхана және әскери кафедра туралы мәліметтер беріп өтті. Студенттік директораттың студенттері күмбірлеген дмбырамен күй тартып, әсем ән шырқады.

Ашық есік күнінде химия және биология мамандықтарының 2-3 студенттері әртүрлі эксперименттік тәжірибелер көрсетіп, оқушылардың қызығушылықтарын арттырды. Биология бағытында «Бал құрамын анықтау», «Тәтті шырындардың құрамындағы С витаминін анықтау», «Бананның ДНК анықтау» атты эксперименттер көрсетілді. Химиктер «Отты көбік», «Отты шашу», «Пробиркадағы найзағай», «Жанартаудың атқылауы», «Фараон жыландар» атты қызықты тәжірибелер көрсетті.

Аталған іс-шарада оқушылар, ата-аналар көкейлерінде мазалап жүрген сұрақтарына жауап алып, оқуға түсу, оқу барысында студенттерге жасалатын жағдайлар туралы толық ақпараттар алды. Дискуссия, қызу пікірталастан кейін мектеп оқушыларына институт кафедраларына экскурсия жасалды. Химия кафедрасының профессоры Несіпхан Бектенов жаратылыстану ғылымы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары мен соңғы жаңалықтарымен бөлісті;

2022 жылғы 15 мамырда Жаратылыстану және география институтының маркетинг бөлімінің ұйымдастыруымен орта мектептердің 10-11 сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында Ашық есік күні өтті.

Қатысушылар - Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының әл-Фараби атындағы орта мектебінің оқушылары мен ата-аналары, мұғалімдері.

Жаратылыстану және география институтының директоры Күләш Каймулдинова бітіруші түлектердің алдында сөз сөйледі. Маркетинг бөлімінің жауапты тұлғалары Ерлан Бірталаев, Жанар Жақсибаева институт мамандықтары, талапкерлерге берілетін жеңілдіктер және қабылдау комиссияға тапсырылатын құжаттар туралы ақпараттар берді;

Химия кафедрасының студенттерімен бірге жүргізілген іс-шаралар:

2021 жылдың 16 қазанында Абай атындағы ҚазҰПУ-да Жаратылыстану және география институтының жылдық тәрбие жоспарына сәйкес «6B05301-Химия» мамандығы 2 курс 1-топ студенттерінің ұйымдастыруымен «Қазан айы - қарттар айлығы» шаралары аясында 1 қазан қарттар күніне арналған «ҚАРТТАРЫМ - АСЫЛ ҚАЗЫНАМ» ашық тәрбие сағаты өтті. Топ жетекшісі оқытушы Маржан Ахтаева. Топ студенттері карантиндік кезеңнен соң, университет қабырғасында алғаш болғандықтан, арнайы «Химия» білім беру бағдарламалар тобының ардагер ұстаздарын мерекелерімен құттықтап, үлкенге құрмет көрсетіп, біліммен өмір жолында ақ баталарын алу мақсатындағы шараның тәрбиелік берері мол болды. Барлық топ студенттері ұйымшылдықпен өздерінің бойындағы өнерлерін ортаға салды, тақырыпты ашуға арналған қойылым, әсем ән мен күмбірлеген күй, жүрек тербетер ақындар мен топ студенттерінің өз шығармашылығынан «Ардагерлерге арнау», ұлттық және заманауи топтық билер кешті әрлендіре түсті.

Шараға Жаратылыстану және география институтының директоры Куляш Каймулдинова, институттың тәрбие және әлеуметтік істер жөніндегі жетекшісі Нұрлан Манапов, «Химия» білім беру бағдарламалар тобының жетекшісі Жазира Мұкатаева және ардагер ұстаздарымыз бен студенттер арнайы қатысып, жүрек жарды ыстық ықыластарын білдірді. Сондай-ақ ZOOM платформасында онлайн көрсетілім жүргізіліп, институттың 1 курс студенттері мен профессор-оқытушылық құрам тікелей эфирде тамашалады. Сонымен қатар институт директоры Куляш Каймулдинова мерекелік шараның соңында ұйымдастырушыларды арнайы Алғыс хатымен марапаттады.

2021 жылдың 16 қазанында Жаратылыстану және география институтының Мансапты дамыту бөлімі «Химия» мамандығының докторанттарымен бірге ғылыми зерттеу практикасы аясында А.Б.Бектұров атындағы ғылыми-зерттеу институтында «Синтетикалық және табиғи дәрілік заттар химиясы» және «Полимерлер физиохимиясы мен синтезі» зертханаларында онлайн-экскурсия ұйымдастырылды. Онлайн-экскурсияға институттың профессор-оқытушылар құрамы, докторанттар, магистранттар және студенттер қатысты.

«Химия (ғылыми)» мамандығының докторанттары Юлия Ким және Хуангуль Хиберсен ғылыми зерттеу практикасы кезінде микротолқынды реактормен және спектрофотометрмен зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістерімен және А.Б.Бектұров атындағы ғылыми зерттеу институтындағы зертханаларында қолданатын физика-химиялық құрылғылармен таныстырып өтті. Онлайн-экскурсия барысында қатысушылар спикерлерден ғылыми зерттеу институтындағы зертханалар туралы өздерінің қызықтырған сұрақтарына жауап алып және өз ойларымен бөлісті;

2021 жылдың 19 қараша айында Жаратылыстану және география институтының “Sparkle science of chemistry” студенттік ғылыми зерттеу ұйымының мүшелері және ұйым жетекшілерінің: «Химия» білім беру бағдарламалар тобының магистр, оқытушылары Гулнур Дюсембаева, Асем Узакова, Ғалия Айтбаева, Маржан

Ахтаева ұйымдастыруымен Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, Ветеринариялық санитария, гигиена және тағам қауіпсіздігі саласының маманы Алиханов Қуантар Дәуленұлымен “ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЮҒА АРНАЛҒАН ҚАУІПСІЗ ҚОСЫЛЫСТАР НЕГІЗІНДЕ ЗАМАНАУИ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРҒЫШ ЗАТТАРДЫ ДАЙЫНДАУ. ЖУҒЫШ-ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРҒЫШ ЗАТ. ПАЙДАЛЫ МОДЕЛЬ” атты ғылыми жобалық тақырыптары бойынша және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхана жетекшісі, Білім және ғылым министрлігі жанынан құрылған жас ғалымдар кеңесінің мүшесі, «ЖОО Үздік оқытушысы (2020)», PhD Ақылбеков Нұрғали Икрамұлы, PhD доктор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Постдокторлық бағдарламасының стипендиаты (постдокторант). ҚР Білім және ғылым министрлігі жанынан құрылған жас ғалымдар кеңесінің және Дүниежүзі қазақ жас ғалымдар платформасының мүшесі Лайсханов Шахислам Ұзақбайұлы тәжірибе алмасу мақсатында кездесу өткізілді;

2021 жылдың 22-23 қараша айында Жаратылыстану және география институтының «Химия» білім беру бағдарламалар тобы, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, маркетинг бөлімінің қызметкері **Гулнур Дюсембаеваның** ұйымдастыруымен білім алушы 2курс «6B05301–Химия» ғылыми мамандығының студенттерін А.Б. Бектуров атындағы «Химия ғылымдары институты» мен таныстыру экскурсиясын өткізді. Студенттерді болашақта химия ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген ынтасы мен қызығушылықтарын арттыру және институт пен ғылыми-зерттеу институттары арасындағы ынтымақтастықты дамыту,білім алушылардың білім деңгейін көтеру мақсатында студенттерді апарды.

Экскурсия басында Химия ғылымдар институтының тарихымен таныстырылды, студенттерге спектрлік анализді қалай анықтайтындығын, полимерлерді зерттеу жұмыстарын жүргізу жолдары, ғылыми зерттеу жұмысының жүру жағдайын түсіндірді,синтез қою жолдарымен,тонкослойная хроматография, ИК-спектроскопия, Масс-спектроскопия, роторлық испарительмен жұмыс жасауды көрсетілді;

2021 жылдың 8 желтоқсанында Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жаратылыстану және география институтының «6B01510-Химия» мамандығының 1курс 2 топ студенттерінің және топтың тәрбие жетекшісі аға оқытушы Арайлым Жұбатқанқызы Өтемісованың ұйымдастыруымен «30 жыл, 30 асу, 30 белес» тақырыбында зум платформасында ашық тәрбие сағаты өтті.

Мерекелік шара Институттың әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі жетекшісі Нұрлан Манаповтың құттықтау сөзімен басталды. Тәрбие сағатын жоғары деңгейде жүргізген жүргізушілер топ студенттері Бағлан Жақсылық пен Альбина Жукебаева. Сонымен қатар, басқа да топ студенттері жан-жақты өз өнерлерін көрсетіп, әсем әндерін шырқап, көркем арнауларын оқыды. Тәрбие сағатында Тәуелсіздік жайында видео-роликтер көрсетіліп, студенттер өз пікірімен бөлісті. Тәуелсіздікке арналған тәрбие сағаты өте жоғары дәрежеде өтіп, барлық студенттер Тәуелсіздіктің маңыздылығын түсінді;

2021 жылдың 10 желтоқсан айында Химия Білім беру бағдарламалар тобының магистр оқытушылары: **Гульнур Дюсембаева, Асем Узакова, Ғалия Айтбаева, Маржан Ахтаеваның** ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған 6B05301-Химия ғылыми бағыттағы 2 курс студенттері арасында «**Танымдық ойын-Білімділік кілті**» атты интеллектуалдық жарысын өткізді.

2022 жылдың 9 ақпанында Абай атындағы ҚазҰПУ Жаратылыстану және география институты «6B01510-Химия» мамандығының 1курс 2 топ студенттері мен топтың тәрбие жетекшісі, аға оқытушы Арайлым Өтемісованың ұйымдастыруымен, зум платформасында «Әр өлеңі-бір әлем» тақырыбында поэзия кеші өтті.

Кештің мақсаты - ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. М.Мақатаевтың поэзиясының халыққа кең таралуының мәні және оның өміршеңдігінің сыры неде екенін таныту, сезіндіру, шығармашылығының музыкасымен үндесу ерекшелігін, ақынның сөзіне жазылған әндері көпшілік назарына ұсыну.

Шараның құттықтау сөзімен институттың әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі жетекшісі Нұрлан Манапов ашып, студенттерге жылы лебізін білдірді. Кеш қонағы профессоры Жеңіс Шоқыбаев та қосылып, өз замандасы әрі жерлесі Мұқағали Мақатаев жайлы құнды мәліметтер айтып, студенттерге ерекше алғысын білдірді;

2022 жылдың 1 наурыз алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған «Алғыс айту парызым» мерекелік іс-шарасы Жаратылыстану және география институтында өтті.

Ұйымдастырушылар - топ эдвайзері, қауым. профессор Мұқатаева Жазира және «6B05301-Химия» мамандығының 1 курс студенттері.

Мерекелік іс-шараға институт директоры Каймулдинова Күләш, тәрбие және әлеуметтік ісі жөніндегі жетекшісі Манапов Нұрлан және оқытушылар келіп, өз алғыстарын білдірді;

2022 жылдың 11 наурыз айында Жаратылыстану және география институтының **“Sparkle science of chemistry”** студенттік ғылыми зерттеу ұйымының жетекшілері: «Химия» білім беру бағдарламалар тобының оқытушылары **Узакова А.Б., Дюсембаева Г.Т., Айтбаева Г. Б., Ахтаева М. Б.** Және ұйым мүшелерінің ұйымдастыруымен Абай атындағы ҚазҰПУ Жас ғылымдар кеңісінің төрағасы,аға оқытушы,пост-докторант Лайсханов Шахислам Ұзақбайұлымен «Ғылыми жоба жасаудың тиімді жолдары» атты семинар өткізілді. Кездесуге білім алушы «6B05301–Химия» ғылыми мамандығының студенттері қатысып, өздеріне қызықты сұрақтарын қойып, жауаптарын алды. Ғылыми жобаны қалай жасаудың, материал іздестірудің тиімді жолдарын білді;

2022 жылдың сәуірдің 1-і күні Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті қазақ халқының төл мерекесі Ұлыстың Ұлы күні-Наурызға орай **"ӘЗ-НАУРЫЗ, АБАЙ АУЫЛЫНДА"** атты мерекелік шарада М.Әуезов стадионының алаңында Қазақ үйдің дәмді мерекелік ас дайындаған, әсерлі көңіл-күй сыйлаған Жаратылыстану және география институтының Химия Білім Беру кафедрасының ұжымының ұйымдастыруымен өтілді.

2022 жылдың 1 наурызында Жаратылыстану және география институтында алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған **«Бізде алғыс айтуға себеп бар!»** мерекелік іс-шара өтті. Ұйымдастырушылар - топ эдвайзерлері, аға оқытушылар Оразбаева Меруерт, Ильясова Гулжахан және «6B01512-Химия-биология» мамандығының 2 курс студенттері. Іс-шараның мақсаты - студенттерді әдептілікке, кішіпейілділікке және ізеттілікке тәрбиелеу, студенттер араасында үлкен - кішіге деген сүйіспеншілікті, сыпайылық қарым-қатынасты дамыту.

Мерекелік іс-шараға институт директоры Каймулдинова Күләш, тәрбие ісі жөніндегі жетекшісі Манапов Нұрлан, «Химия» ББ жетекшісі Мұқатаева Жазира, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты;

4. Жұмыспен қамтамасыз ету / Трудоустройство;

2021-2022 оқу жылына Жаратылыстану және география институтының, Химия ББ тобының белгіленген жоспары негізінде Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша өз жоспарын жасап, бекітті, жұмысқа орналастыру жоспарына сәйкес келесі жұмыс түрлері жүргізілді:

- Жаңа оқу жылына жұмыс жоспары құрылды;
- Білім беру бағдарламалар тобының тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес "Рухани жаңғыру"бағдарламасы бойынша 2021 жылдың қараша айында және 2022 жылдың ақпан айында жаратылыстанужәне география институтының

табысты түлектері (мектеп директорлары, әкімдер, ҒЗИ директорлары) кездесуі ұйымдастырылды;

- Бітіруші курс студенттерінің, магистранттарының және докторанттарының қаржы орталығының қызметкерлерімен кездесуі;
- Жұмыс берушілермен кездесулер ұйымдастыру;
- Бос орындаржәрменкесі;
- Бұдан әрі жұмысқа орналасу үшінҰБТ өткізу және ұйымдастыру және сертификат алу;
- Түлектерді бос орындар бойынша бөлу.

